

- 4 Kant I. Pragmatikalyq turǵydan Antropologia. [Anthropology from a pragmatic point of view]. (Moscow, 1999). [in Russian].
- 5 Gelen A. Júelik antropologia týraly // Batys filosofiasyndaǵy adam máselesi: aýdarmalar / qurast. jáne keiín. P. S. Gýrevich; jalpy red. Iy. N. Popova. [On Systemic Anthropology // The Problem of Man in Western Philosophy: Translations / Comp. and afterword by P.S. Gurevich; General ed. by Yu.N. Popov]. (Moscow, 1988). [in Russian].
- 6 Crystal D. Til jáne Internet. Kembridj: Kembridj Ýniversitetiniń Baspasy. [Language and the Internet]. (Cambridge: Cambridge University Press, 2004). [in English].
- 7 Qurmanbaev Sh. "Qazaq leksikasyna engen barlyq sózderdi aýdarý múmkin emes. Múmkin bul qajet emes shyǵar". Taldaý portaly Check-point.kz. ["It is impossible to translate all the words included in the Kazakh vocabulary. Perhaps this is not necessary." Analytical portal Check-point.kz]. (Nursultan, 2021). [in Kazakh].
- 8 Vereshagin E. M., Kostomarov V.G. Til jáne mádeniet. [Language and culture]. (Moscow, 1973). [in Russian].
- 9 Dýrantı Alessandro. "Lingvistikalyq Antropologia: Oqyrman". Blekvelldiń Áleymettik Jáne Mádeni Antropologiadagý Antologialary, Parker Shipton (Seria Redaktory), 2 nd basylym, Ýailı-Blekvell. ["Linguistic Anthropology: the Reader". Blackwell Anthologies in Social & Cultural Anthropology, Parker Shipton (Series Editor), 2 nd edition, Wiley-Blackwell]. (2009). [in English].
- 10 Dillioıı P.P. "Til jáne áleymettik kontekst: tańdalǵan oqýlar". [«Language and social context: selected readings»]. (Paper, Penguin Books, 1990). [in English].
- 11 Baıdrahmanov D., Dosjan G. Qazaq Tilinde anglikızmderdı qoldanıdyń Tarihı-sosiolingvistikalyq aspektileri // Prosesia-Áleymettik Jáne Minez-Qulyq Gýlymdary. [Historical and sociolinguistic aspects of use of anglicisms in the Kazakh Language // Procedia-Social and Behavioral Sciences]. (2015). <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.05.009>. [in English].
- 12 Krıstal D. Til Revolúsiyası: qulyqsyzdyqtan renesansqa deın. [Language Revolution: from reluctance to renaissance]. (Malden, MA: Polity Press, 2004). [in English].
- 13 Qyzyrova A. M. "Qazaq tilindegi aǵylshyn sózderin asimilásialaý prosesi" dısertasiyanıń referaty. ["The process of assimilation of English words in the Kazakh language" Abstract of the dissertation]. (Almaty, 2017). [in Kazakh].

Received: 23.10.2023

MFTAP 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp21-31](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp21-31)

Н.А.Байжанова¹, Г.О. Сыздықова¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

МОДАЛЬДІЛІК МАРКЕРЛЕРІНІҢ ЭМОЦИЈАНЫ ЖЕТКІЗУДЕГІ РӨЛІ: ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Мақалада модальділік маркерлердің тілде эмоционалды бояуды берудегі маңыздылығы қарастырылады. Модальділік коммуникацияда түрлі эмоция мен сезімді жеткізу тәсіліне әсер ететін негізгі лингвистикалық санаттардың бірі саналады. Сондықтан зерттеуімізде модаль сөздер мен сөз тіркестерінің, модальділікті білдіретін грамматикалық категориялардың эмоционалды мазмұнды қабылдауға әсері психолінгвистикалық талдау әдістері арқылы жүзеге асады. Модаль мәнді құрылымдардың семантикасы мен прагматикасына назар сала отырып, нақты мысалдар негізінде сараланады. Модальділік санатының жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі зерттелуіне шолу жасау арқылы

негізгі ұғымдар мен түсініктерге анықтамалар беріліп, модаль бірліктердің адам эмоциясы мен психологиясын жеткізудегі сипаты ашып көрсетіледі.

Мақаламызда модальділіктің тілдегі эмоциялар көрінісін күшейтетін немесе әлсірететін аспектілері де назардан тыс қалмады. Зерттеу нәтижесінде эмоционалды әсерді басқару және әсер етуде модальділік маркерлерін қолдану сипаты анықталады. Модальділіктің психолингвистикалық аспектілері және оның эмоционалды коммуникациямен байланысы туралы түсінік беріледі. Сол себепті зерттеу нәтижесі лингвистер үшін де, психолог мамандар үшін де пайдалы бола алады.

Кілт сөздер: модальділік санаты, тілдегі эмоция, психолингвистикалық талдау, модаль сөздер, эмотивті коммуникация, мәтіннің эмоциялық бояуы.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Модальділік – күрделі семантикалық санат. Модальділік ұғымы лингвистикаға философия ғылымынан келген. Егер біз модальділік мәнінің жалпы ғылымдағы зерттелімі мен алғашқы теорияларына зер салатын болсақ, Аристотель сынды ежелгі ойшылдардың дәуіріне енеміз. Ал филологияда, оның ішінде ағылшын тіл білімінде алғашқылардың бірі болып модальділік мәніне Палмер, Лайонез, Байби мен Перкинс, т.б. сынды ғалымдар назар аударды. Орыс тіл білімінде модальділік мәні А. Виноградов, Ш. Балли, Ю. Гальперин, т.б. лингвистердің зерттеу нысанына енді. Қазақ тіл білімінде модальділік категориясы алғашында жеке категория ретінде емес, жеке тілдік бірліктер тұрғысынан зерттелді. Мәселен, Е. Жанпейісов (1959) және Қ. Мамаділов (1996) зерттеулеріне модальді етістікті құрылымдар мен олардың мағыналары нысан болса, О.Төлегенов (1968) еңбегінде рай категориясы модальділік категориясының көрсеткіштері ретінде талданады және бұл зерттеу жұмыстарында тілдің формальды жағына басымдық беріліп, тіл белгілі бір құрылымдардан тұратын жүйе ретінде қарастырылады [1, 62]. Ғалым Е. Жанпейісов: «Модаль сөздер тілдегі модальділік пен предикаттылық құбылыспен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат-шындықпен жалпы арақатынасын («соотнесенность») білдіреді. Ал сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы модальдік қатынас болып табылады. Яғни сөйлеуші өзінің бұл хабарын қалай түсінеді, өз тарапынан оған қандай сипаттама береді, ақиқат шындыққа қалай қарайды – модальдік қатынастың мәні, міне, осында», - дейді [2, 567]. Синтаксистегі модальділік мәселесін алғашқылардың бірі болып қарастырған Т. Сайрамбаев: «Сөйлемнің ең негізгі қаңқасынан кейінгі мәселе сол сөйлем арқылы адамның қуану, шаттану, еркелету, шошу, ашу-ыза, күдіктену, күшейту, есерлеу, құптау-құптамау, жақтырмау, сену, мүмкінділік, қажеттілік, болжалдық, т.б. қасиеттерді, яғни, осылардың семантикалық белгілерін айқындау – екінші орындағы үлкен мәселе... Сөйлемнің бойындағы мұндай қасиеттердің барлығы да модальдік белгісі арқылы беріледі», - деген тұжырым айтады [3, 18]. Қазіргі лингвистикада модальділікті әр қырынан зерттеу, түрлі ғылымдар байланысының шегінде зерттеу белең алды [4, 582]. Біз де өз зерттеуімізді жаңа лингвистикалық бағыт шеңберінде зерделеп, модальділіктің эмоциямен байланысын анықтауға талпынамыз.

КІРІСПЕ

Жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, қазақ тіл білімінде модальділік санаты құрылымдық және функционалды-стилистикалық тұрғыдан біршама зерттеулерге арқау болды. Алайда модаль мәнді құрылымдар адам эмоциясын, көңіл күйін, көзқарасын, шындық болмысқа қатынасын танытатын тілдік бірліктер болғанымен, бұл категорияны қазақ лингвистикасында психолингвистикалық бағытта қарастыратын зерттеу еңбектерін кездестірмедік. Жалпы тіл білімінде және қазақ тіл білімінде модальділіктің теориялық базасы қалыптасып үлгерді. Дегенмен антропоэлектік парадигма шеңберінде модальділікке жаңа қырынан қарау қажеттігі туындап отыр. Сол себепті, біздің ойымызша, модальділік санатын психолингвистикалық

тұрғыда, адам эмоциясымен байланыста қарау модальділікті толық түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан біз өз зерттеуімізде модаль мәнді құрылымдардың жалпы сипаты мен теориясына шолу жасау барысында, тілдің жаңа бағыты саналатын психоллингвистика саласының мүмкіндіктерін пайдалануды жөн санадық. Жаһандық дәуірдегі ғылымдар арасындағы интеграция лингвистиканың бағытын кеңейтуге, жаңа әдіс-тәсілдердің туындауына, көзқарастардың жаңаша сипат алуына алып келді. Осыған орай біз өз зерттеуіміздің қазіргі лингвистикадағы және психология мен тіл білімі аралығында пайда болған психоллингвистика саласындағы өзектілігі жоғары деп есептейміз. Өйткені психоллингвистика тілдің адамның жүріс-тұрыс, мінез-құлқына, когнитивті үдерістеріне, сөзді қабылдау және қайта жарыққа шығару, түсіну үдерістеріне әсерін зерттейді. Ал бұл үдерістер эмоция арқылы жүзеге асады. Яғни психологиядағы басты ұғымдардың бірі эмоция болса, адам эмоциясын тіл арқылы жеткізудегі тілдік құрылымдардың маңыздысы – модальділік маркерлері.

Зерттеу мақаламыздың мақсат-міндеттеріне мыналар жатады:

- Модальділік категориясын теориялық тұрғыдан саралау;
- Модальділікті психоллингвистикалық бірлік ретінде талдау;
- Модаль мәнді құрылымдардың адам эмоциясын жеткізудегі рөлін анықтау;
- Модальділік маркерлерінің эмотивті сипатын ашу.

Зерттеу нәтижесінде модальділік маркерлерінің түрлі эмоцияны танытуда жұмсалатын құрылымдарын анықтап, олардың қолданыс белсенділігін айқындаймыз. Адам эмоциясын беруде жиі қолданатын модаль мәнді құрылымдардың, модальділіктің адам эмоциясын жеткізудегі рөлін сипаттаймыз.


МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақалада модальділік маркерлерінің адам эмоциясын жеткізудегі рөлі мен қолданыс жиілігі қандай деген сұраққа жауап іздеу көзделді. Соған сәйкес эмоцияны білдірудің тілдік сипатын анықтау үшін психоллингвистикалық талдау әдістеріне жүгіндік. Олардың қатарында сауалнама әдісі және семантикалық-прагматикалық талдау әдістерін өз мақсатымызға сай қолдандық. *Сауалнама әдісі* адамдардың эмоционалды байланыс контекстінде модаль құрылымдарды қалай түсіндіретіні туралы деректерді жинау үшін пайдаланылады. *Семантикалық-прагматикалық талдау әдісі* арқылы модальділік маркерлерінің семантикасы мен прагматикалық әлеуетін талдап, олардың қандай эмоционалды мағыналарды білдіретінін және мәнмәтінмен қалай әрекеттесетіндігін түсіндіреміз. Бұдан өзге зерттеу барысында *талдау, талқылау, сипаттау, баяндау* әдістері қолданыс тапты. Зерттеу материалы ретінде тілімізде кездесетін модальділік маркерлері алынды. Адам эмоциясы тілдік бірліктер арқылы таныла отырып, сөйлеушінің ойынан, пікірінен, көзқарасынан хабар береді. Мақаламызда негізгі эмоциялар таңдалып алынып, сол эмоцияларды жеткізудегі ең жиі қолданыс табатын модаль мәнді құрылымдар сәйкестендіру арқылы зерттеу жүргіздік. Модальділік маркерлерінің қандай мағына үстейтіндігі, қандай реңк танытатындығы, қандай эмоционалды күйді жеткізетіндігі бойынша сауалнама алынып, нәтижелері диаграмма түрінде беріледі.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу барысында адамның түрлі эмоциясын жеткізуге мүмкіндік беретін модаль мәнді бірліктерден тұратын сауалнама алынды. Сауалнамаға білім саласында қызмет ететін 18-35 жас аралығындағы әлеуметтік топ қатысты (20 қатысушы). Сауалнама сұрақтары адамның негізгі эмоцияларына қатысты қолданылатын модаль бірліктердің қолданысына қатысты болды. Сауалнама қорытындысы төмендегі диаграммаларда көрсетілген.

Қуанышты сәтті жеткізуде төменде берілген модаль бірліктердің қайсысын жиірек қолданасыз?
20 ответов




1-

сурет. «Қуаныш» эмоциясын білдіретін модальділік маркерлерінің пайыздық көрсеткіші

Жоғарыда көрсетілгендей, сауалнамаға қатысушылардың 35%-ы қуанышты сәтті жеткізуде «керемет» сөзін жиі қолданатындықтарын көрсетеді. Қуаныш эмоциясын білдіруде қолданатын келесі модаль бірліктерге «сөзсіз» және «міндетті түрде» оралымдары көрсетілген. «Ғажап» және «әрине» модаль бірлігі де қатысушылардың тілдік дағдысында бар екендігі айқындалды. Бұл көрсеткіштен байқағанымыздай, сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі қуаныш эмоциясын танытуда «керемет» модальділік маркерін белсенді қолданады. Түрлі жағдаят пен түрлі мәнмәтінде қуанышты сәтті білдірудің бірнеше формасы бар. Десе де қазіргі қоғамдағы жиі қолданысқа түсетін сөздер қатарында сауалнама көрсеткішіндегі тілдік бірліктерді атауға болады.


Көңіл күйіңіздің жоқ екендігін жеткізу үшін қандай модаль бірлікті жиі қолданасыз?
20 ответов



2-сурет. Көңіл күйдің жоқтығын білдіретін модальділік маркерлерінің пайыздық көрсеткіші

Көңіл күйдің жоқтығын білдіруде «түү!» модальділік маркері алға шықты. Сауалнамаға қатысушылардың 30%-ы осы нұсқаны таңдаған. Демек күнделікті қолданыс аясында «түү!» тілдік бірлігі көңіл күйдің жоқтығын білдіруде белсенді жұмсалады. Адам баласы өзінің эмоциясын сыртқа шығаруда алуан түрлі тілдік құрылымдарды пайдаланады, алайда кей жағдайда тілдік бірліктер субъективті сипат алуы мүмкін. Мәселен, бір модаль бірлік бірнеше эмоцияны білдіру үшін қолданыла алады. Бұл тілді тұтынушының оны қалай қабылдайтындығына, танымдық деңгейіне байланысты. Немесе бір эмоцияны түрлі құрылымдар арқылы беруге болады. Жоғарыдағы көрсеткіштен байқағанымыздай, көңіл күйдің жоқтығын қатысушылар өзге де модальділік маркерлері арқылы жеткізе алады.


Таңырқап, таңданған сәтте қандай модаль бірлікті жиі қолданасыз?
20 ответов



3-сурет. «Таңдану» модальділік маркерін пайыздық көрсеткіші

Диаграммаға сәйкес сауалнама қатысушыларының 40%-ы коммуникация барысында таңданысын білдіру үшін «бәсе» модаль бірлігін қолданады. Екінші орындағы «ғажап» сөзі де таңданыс эмоциясын беруде өнімді жұмсалатындығы анықталды. Бұл сұрақтың қорытындысы бойынша күнделікті коммуникация барысында «бәсе» сөзінің өнімді жұмсалатындығы және адамның таңданыс күйін сипаттауға мүмкіндік беретіндігі анықталды.

Ренішіңізді білдіру үшін қандай модаль бірлікті жиі қолданасыз?
20 ответов




4-сурет. Ренішті білдіретін модальділік маркерлерінің пайыздық көрсеткіші

Келесі адамның ренішін білдіруде қолданылатын модальділік маркерлерінің ішінде сауалнама қатысушылары «неге бұлай?» сұрақ мәнді тілдік бірлігін белсенді қолданатындықтарын көрсетеді. Ал іс-әрекет пен эмоцияның күйін шынайы суреттейтін «көңілім қалды» қолданысы екінші орынға шыққан. Немқұрайлылық, коммуниканттың пікірін елемеу семантикасы бар «қоя қойшы» қолданысының арагідік ренішті білдіруде жұмсалатындығы айқындалды.

Қайғырып, мұңданған сәтіңізді жеткізу үшін қандай модаль бірлікті жиі қолданасыз?

20 ответов



5-сурет. Мұңаюды білдіретін модальділік маркерлерінің пайыздық көрсеткіші

Жоғарыдағы көрсеткішке сәйкес қайғырған сәтте коммуниканттар «өттең» және «өттеген-ай» қолданыстарын жиі пайдаланатындығы көрінеді. Өкініш мағынасын білдіретін бұл модальділік маркерлері мұңаю, қайғыру эмоцияларын анық жеткізуге мүмкіндік береді деп топшылауға негіз бар.

Сонымен, адамның негізгі эмоцияларын жеткізуде жиі қолданылатын, өнімді жұмсалатын модальділік маркерлері сөйлеу тіліндегі белсенді қабаттың сипатын танытады. Модальділік маркерлерінің коммуникация барысында адресант пен адресаттың өз көңіл күйі мен эмоциясын білдіруде негізгі тілдік бірлік екендігін байқай аламыз. Сауалнама нәтижесінде қуанышты жеткізуде «керемет», көңіл күйдің жоқтығын білдіруде «түү!», таңданысты сипаттауда «бәсе», ренішті білдіруде «неге бұлай?», мұңаюды жеткізуде «өттең», «өттеген-ай» модальділік маркерлері жиі жұмсалатындығы анықталды. Әр адамның таным жүйесі мен ойлау, қабылдау қабілеттеріне сәйкес бір модальділік маркері әр түрлі эмоцияны жеткізуші бола алады. Сондықтан сөйлеушілердің коммуникация барысындағы эмоцияға сәйкес тілдік қолданысы субъективті де, объективті де сипат таныта алады.

ТАЛҚЫЛАУ

Физиология, психология, медицина, элеуметтану бағыттарында эмоция философиялық, логикалық категория ретінде қарастырылады. Ұзақ уақыт бойы ғалымдар эмоцияға бірізді анықтама бере алмады, эмоция атауын да оның жалпы жіктелімін де қорытып шығара алмады. Осыған байланысты Дж.Остин былай дейді: «Эмоция мәселесі секілді сан қырлы мәселеге тап болғанда біз әрдайым өзіміздің танымымыз бен терминологиямызды қайта қарауға дайын болуымыз керек» [5, 92]. Эмоцияның адам өмірінде және қоғамдық ортада алатын орны ерекше. Эмоцияда адамның қоршаған ортаға деген көзқарасы көрініс табады. Тіл жүйесі осы эмоцияны сыртқа шығаруға, дәл сол мезеттегі эмоцияны келесі бір адамға жеткізуге көмектеседі. Адам басынан кешіп жатқан эмоциясына сай тілдік бірліктерді таңдап, адресатына бағыттай сөз сөйлейді. Бұл шынайы өмірде адам эмоциясын тек тіл арқылы көрсетуге болады дегенді білдірмейді. Тілдегі эмоция дамуының төмендегідей фазаларын көрсетуге болады: 1) Эмоцияның пайда болуының тікелей себебі; 2) Эмоция және ішкі жай-күй; 3) эмоцияның сыртқы ортада көрініс табуы [6, 50-65].

Эмоцияны білдіруге тіл деңгейлерінің барлық бірліктері қатысады. Эмоционалды-экспрессивті құралға фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құралдар да жатады.

Адамға тән эмоциялардың көмегімен жүзеге асатын шынайы өмірдің бейнесін берудің мынадай моделдерін ұсынуға болады:

а) субъекті мен оның эмоциясы тілдің бейнелейтін объектісіне қатысты;

ә) эмоция шынайы өмірді бейнелейтін басты компонент болып саналады және субъекті «бейнелеуші» ролінде танылады.

б) тіл шынайы өмірді бейнелеуші басты компонент болып табылады. Ал эмоция бейнелеу формасы не адамның әлемге қатысты семантикалық түсіндірмесі болады [6, 68]. Эмоция заттық әлемнің тілдік көрінісінің бір бөлігі болып саналады. Яғни кез келген сөйлеу әрекеті эмоционалдылыққа ие. Әрине, ол әр кезде анық көріне бермейді. Адам тілді тек қана ақпаратты жеткізу үшін қолданбайды, өзінің түрлі жағдайын, сол мезеттегі жай-күйін, эмоциясын таныту үшін де қолданады. Ш.Балли, Р.Якобсон, Л.Шпитцер, К.Бюллер, А.Марти, Ж.Марузо, К.Фосслер, Е.Курилович тілдің түрлі қызметі арасынан эмоционалды ақпаратты жеткізуге арналған эмотивті қызметін бөліп алып көрсетеді

Эмоциялар мінез-құлыққа, шешім қабылдауға, қоршаған әлеммен қарым-қатынасқа және басқа адамдармен байланысқа түсуіне әсер етуі мүмкін. Эмоцияларды зерттеу олардың қалай қалыптасатынын, реттелетінін және адамның психологиялық әл-ауқатына әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Психологияда эмоцияның қай аспектісіне баса назар аударатынына байланысты эмоция қызметінің көптеген жіктелімдері бар.

Зерттеушілер эмоцияның қызметін былайша жүйелеп көрсетеді:

- Бағалау қызметі. Бағалап отырған белгілі бір оқиғаның, заттың, жағдайдың пайдалы не зиянды екендігін, маңызын айқындайды.

- Ояту, итермелеу қызметі. Эмоцияның адамды қандай да бір әрекетке итермелеу қызметі.

- Іске асыру қызметі. Іс-әрекет жүзеге асуы барысында ағзаның өзгеруіне әкеледі.

- Экспрессивті қызметі. Бұл қызмет тікелей мимика, пантомимика, дауыс реакциялары арқылы іске асады. Бейвербальды қарым-қатынастың негізі саналады. [7, 201].

Б. Спиноза базалық эмоциялардың үш түрін атап көрсетеді: рақаттану, ләззат алу; көңілі толмау; арман-тілек [8, 49]. Американдық психолог Кэррол Изард алғашқы негізгі эмоциялардың мынадай 10 түрі бар дейді: қызығушылық-толқыныс; қуаныш; таңғалу; уайым-қайғы; ашу; жек көру; қарғыс; қорқыныш; ұят; күнә [9, 113].

Эмоциялардың алуан түрлілігі тілдегі эмотивті лексиканың толығына алып келді. Адамның психологиялық жүйесі арқылы пайда болған эмоция көп жағдайда тіл арқылы жарыққа шығады. Сондықтан тілде сол эмоцияны дөп басып сипаттайтын құрылымдар түзілімі жасақталады. Солардың қатарындағы модальділік маркерлері – эмоцияны жеткізудегі бірегей тілдік бірліктер. Өйткені модаль мәнді құрылымдардың эмотивтілігі жоғары, адамның көзқарасы мен бағалауын анық жеткізе алады. Модальділіктің ұғымдық категория болатын себебі – бұл ең алдымен тілден емес, санадан бастау алатын құбылыс екендігінде. Модальділіктің басты үш сипаты бар: 1) Сөйлеушінің айтылған пікірге (сөйлем мен сөзге) деген қатынасы; 2) Айтылған пікірдің (сөз бен сөйлемнің) шындық ортамен байланысы; 3) Иллокутивті жағдаят, яғни сөйлеушінің коммуникативті мақсаты, прагматикалық ықпалы [10, 88]. Жоғарыда адам эмоциясының бірнеше түрін атап өттік. Енді модальділік маркерлерінің адамның көңіл күй мен эмоцияны жеткізуіне қарай да бөлінісе тоқталайық. Н. Оралбаева, Т. Қордабаевтың еңбектерінде модальділік мағынаның келесідей топтары бары айтылады:

1. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер.
2. Болжал мәнді модаль сөздер.
3. Мүмкінділік мағына білдіретін модаль сөздер.
4. Қостау мен растау мәнді модаль сөздер.
5. Қалау пен тілек мәнді модаль сөздер.
6. Күмән пен күдік мәнді модаль сөздер [10, 88].

Модаль сөздердің ішінде «сияқты», «тәрізді» тұлғалары жетекші қызмет атқарып, болжау реңкін үстейтін негізгі тірек немесе доминант болып қызмет атқарады [11, 63].

Енді эмоцияны білдіретін модальділік маркерлеріне нені жатқызамыз деген мәселеде ғалымдардың пікіріне назар салуға болады. Тілде модальдік мағынаны білдіретін амалдар көп – тілдік конструкция, қыстырма сөздер, модальды етістіктер, предикаттық бірліктер және шылаулар. Одағай да модальдықты білдіруге қатысады [10, 88]. Е. Жанпейсов модальділік санатының жасалуына негіз болатын модаль мәнді сөздерді, шылаулар және кейбір қыстырма сөздерді арнайы талдаған [2, 166-167]. Модальдік реңк сондай-ақ одағайлардан да, қыстырма

сөздерден де, әсіресе сұраулық шылаулардың қай-қайсысынан да айқын аңғарылады. Бірақ сөйлемге модальдық реңк беретін сөздің, шылаудың, одағайдың, қыстырма сөздің және т.б. бәрі бірдей модаль сөздер қатарына жата бермейді. Себебі сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі сөйлеушінің пікірін білдіретін арнайы сөздердің модальдық сипаты бұлардан гөрі бөлектеу [12, 11].

Адам баласында психологиялық тұрғыдан эмоцияның бірнеше бөліністері мен түрлері болады. Солардың ішінде күнделікті өмірде адамның жай-күйінен хабардар беретін негізгі эмоциялардың санамалы түрі бар. Оларға қуану, қайғыру, мұңаю, ашулану, таң қалу, т.б. жағымды, жағымсыз эмоцияларды жатқыза аламыз. Адам эмоциясын жеткізуде маңызды рөл атқаратын модальділік маркерлерінің бөлінісіне назар салайық.

- **Қуану эмоциясын білдіретін модальділік маркерлері:** *Алақай! О! Міне, гажан!, О, пәлі! Керемет! Гажан! Қандай күшті! Қуаныштымын! Дән разымын! Ризашылығымда шек жоқ! Не деген гажан!*

- **Қайғыру эмоциясын білдіретін модальділік маркерлері:** *Әттеген-ай! О, тоба! Амал не? Не шара? Өкінішке қарай. Өте өкінішті. Көңілім құлазып тұр. Тағдырға не жаздым? Көңіл хошым жоқ!*

- **Ашулану эмоциясын білдіретін модальділік маркерлері:** *Ашуыма мініп тұрмын! Қаным басыма шауып тұр. Мұның не? Ашуыма тиме! Тәйт! Мүмкін емес. Қажет емес.*

- **Таң қалу эмоциясын білдіретін модальділік маркерлері:** *Бәсе! Қандай қызық! Мә! Бұл қалай? Қандай қызық! Ойпырмай. Мұндайды кім көрген?! Таңданысымда шек жоқ. Таң қалып тұрмын. Шынымен де ме? Солай болғаны ма?*

Жоғарыда көрсеткен бұл жіктеліміміз әлі де толықтыруды қажет етеді. Себебі коммуникациялық жағдаятта қандай да бір эмоцияны тіл арқылы жарыққа шығарудың түрлі грамматикалық, синтаксистік формалары болуы мүмкін. Аталған тілдік қолданыстардың мағынасын айқындауда «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» және «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігі қаралды. Семантикалық бөлініс жасауда біз қолданған тілдік бірліктердің сөздіктегі және танымдағы мағынасы есепке алынды. Сөз бен сөздің байланысуы, сол байланыстың негізінде эмоцияны танытуы, оның модальділік мәнге ие болуы, бәрі де субъективті сипат алуы да мүмкін.

Шынайы болмыста түрлі адамдар арасында түрлі коммуникациялық жағдаяттар туындайды. Соған сәйкес кейбір тілдік бірліктер коммуниканттың интенциясына сәйкес түрліше жұмсала алады. Коммуникация сипатының түрліше өрілуі модальділік маркерлерінің эмоционалды реңкінің өзгерісіне алып келеді. Сондықтан нақты бір модаль мәнді құрылымдарды тек бір эмоцияны білдіреді деп айта алмаймыз. Семантикасының кеңеюі нәтижесінде модальділік маркерлерін бірнеше эмоционалды жай-күйді жеткізу үшін қолдануға болады. Мысалы, «мүмкін емес» болымсыздық мәндегі модальділік маркері бірде ашуды танытуы, енді бірде таңданыс мағынасын білдіруі мүмкін. Егер біз «*Оны бұлай жасауы мүмкін емес! Ешқашан мен одан мұндайды күтпегем*» деген сөйлемде «мүмкін емес» модальділік маркері ашулану мағынасында жұмсалады. Ал енді «*Мүмкін емес! Сене алар емеспін, бұл қандай гажан көрініс!*» деген сөйлемде «мүмкін емес» тілдік бірлігі таңданыс мәнін танытады. Бұдан шығатыны, түрлі коммуникациялық жағдаят модальділік маркерлерін түрлі эмоция танытуға итермелейді. Мұнда бейвербалды амалдар, интонация да есепке алынады. Яғни мәнмәтін мәселесі басты рөл атқарады.

Сонымен, модальділік маркерлерінің эмоцияны жеткізудегі рөліне мыналарды жатқызамыз:

- Модальділік маркерлері – эмоцияны тіл арқылы жеткізудің басты көрсеткіштері. Эмоция бейвербалды амалдар негізінде де таныла алады. Алайда тілдік бірліктер негізінде жарыққа шыққан эмоция анық, нақтылы сипатқа енеді;

- Модаль құрылымдар арқылы эмоцияны ашық көрсетуге болады. Кей жағдайда астарлы модаль мәнді бірліктер эмоцияны білдіруге қатыса алады;

- Модальділік маркерлері эмоцияның материалды, тілдік бейнесі рөлін атқарады.

- Модальділік маркерлері адам эмоциясының шынайы болмыстағы сипатын танытады;

- Бір модаль құрылым мәнмәтінге сәйкес бірнеше эмоцияны білдіруге қатыса алады.
- Модальділік маркерлері адам эмоциясын жарыққа шығаруда субъективті сипатқа енуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада талқыланған мәселелер бойынша төмендегідей қорытындылар жасалды:

1. Модальділік – экспрессивті құрал. Зерттеу модаль элементтердің тілдегі эмоционалды бояуды жеткізуде шешуші рөл атқаратынын айқындады. Олар сөйлеушіге өзінің сенімділігін, күмәнін, тілегін және аудиторияның эмоцияны қабылдауына әсер ететін басқа аспектілерін білдіруге мүмкіндік береді.

2. Модальділік және эмоционалды күш. Зерттеу модаль мәнді құрылымдардың ақпараттың эмоционалды күшін арттыратынын анықтады.

3. Мәнмәтіннің рөлі. Зерттеу модаль бірліктер мен эмоционалды реңктерді түсіндіруде мәнмәтіннің маңыздылығын көрсетті. Мәтін семантикасына байланысты модаль бірліктер эмоцияның көрінісін таныта алады.

4. Қабылдаудың өзгергіштігі. Зерттеу нәтижелері модаль мәнді маркерлерді қабылдаудың өзгергіштігін және олардың эмоцияларды жеткізудегі рөлінің жоғары екендігін көрсетті. Қабылдау лингвистикалық және мәдени ерекшеліктерге, сондай-ақ сөйлеуші мен тыңдаушының жеке қалауы мен тәжірибесіне байланысты.

Қорыта келе, эмоционалды коммуникациядағы модаль лингвистикалық бірліктердің тілдегі эмоцияларды қабылдауына деңгейіне байланысты мәнмәтінге сәйкес жұмсалады.

Модальділік маркерлерін эмоцияны жеткізуіне сәйкес тақырыптық топтарға бөліп, семантикалық жіктелімін анықтау мәселелері алдағы зерттеулер нысанына айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ешнияз Г., Жолшаева М., & Алимтаева Л. «Модальділік категориясының типологиясы» // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2022. – № 4 (188). – Б. 60-70.
- 2 Жанпейсов Е. «Сөйлем модальділігі және оның қазақ тілінде берілу жолдары», Вестник Казахской Академии Наук ССР, 1959). – № 1-2(8-9). – Б. 167-170.
- 3 Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.
- 4 Jakimik, J., & Glenberg, A. «Verbal learning meets psycholinguistics: Modality effects in the comprehension of anaphor» // Journal of Memory and Language. – 1990. – vol. 29, October. – Б. 582-590.
- 5 Остин, Дж. Л. Басқа біреудің санасы. – Мәскеу: Прогресс, 1987. – Б. 48-95.
- 6 Dawaele J., & Pavlenko A. “Emotion Vocabulary in Interlanguage” // *Language Learning*, 2002. – vol. 52, June. – P. 263-322.
- 7 Varukha I., & Shamsutdinova Y. “The methods of studying emotive vocabulary” // *Philology: scientific researches*, 2021. – no. 8, P. 67-74.
- 8 Ильин Е. П. Эмоциялар мен сезімдер. – Петербург: Петр, 2001. – 752 б.
- 9 Entwistle Ch., Andrea B., Meier T., Hoemann K., Miano A., & Ryan L. «Natural emotion vocabularies and borderline personality disorder» // *Journal of Affective Disorders Reports*, 2023. – vol. 14, December.
- 10 Слямбеков Қ. “Қазақ тіліндегі модальділік категориясының грамматикалық репрезентациясы”, *Tiltanym*, 2022. – No 2 (86). – Б. 86-97.
- 11 Құсайынова Ж., & Сәменова С. «Болжау», «жорамалдау» модальді реңктерінің синтаксистегі көрінісі» // *Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы*, (2022). – No3, Б. 60-67.
- 12 Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі. – Алматы, 2007. – 153 б.

Материал 12.01.2024 баспаға түсті

Роль маркеров модальности в передаче эмоций: психолингвистический анализ

Н.А.Байжанова¹, Г.О. Сыздықова¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

В статье рассматривается важность маркеров модальности в передаче эмоциональной окраски языка. Модальность считается одним из основных лингвистических аспектов, влияющих на способ передачи эмоций и чувств в коммуникации. Поэтому в нашем исследовании Влияние модальных слов и фраз, грамматических категорий, выражающих модальность, на восприятие эмоционального содержания осуществляется методами психолингвистического анализа. Модальность дифференцируется на основе конкретных примеров с акцентом на семантику и прагматику значимых структур. Обзор изучения категории модальности в общем языкознании, казахском языкознании дает определения основным понятиям и понятиям, раскрывается характер модальных единиц в передаче человеческих эмоций и психологии. В нашей статье не остались без внимания и аспекты модальности, которые усиливают или ослабляют выражение эмоций на языке. В результате исследования определяется характер использования маркеров модальности для управления эмоциональным воздействием. В этой статье дается представление о психолингвистических аспектах модальности и ее связи с эмоциональной коммуникацией. По этой причине результаты исследования могут быть полезны как лингвистам, так и специалистам-психологам.

Ключевые слова: категория модальности, эмоция в языке, психолингвистический анализ, модальные слова, эмоциональная коммуникация, эмоциональная окраска текста.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ешнияз Г., Жолшаева М., & Алимтаева Л. «Типология категории модальности» // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия Филология, 2022. – № 4 (188). – С. 60-70.
- 2 Жанпейсов, Е. «Модальность предложения и способы его передачи на казахском языке» // Вестник Казахской Академии Наук ССР. – 1959). – № 1-2 (8-9). – С. 167-170.
- 3 Сайрамбаев Т. Словосочетание и синтаксис простого предложения. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 с.
- 4 Jakimik J., & Glenberg A. “Verbal learning meets psycholinguistics: Modality effects in the comprehension of anaphora” // Journal of Memory and Language, 1990. – Том 29, октябрь. – С. 582-590.
- 5 Остин Дж. Л. Чужое сознание. Философия, логика, язык. – М: Прогресс, 1987. – С. 48-95.
- 6 Dawaele J., & Pavlenko A. “Emotion Vocabulary in Interlanguage” // *Language Learning*, 2002. – Том 52, июнь. – С.263-322.
- 7 Varukha I., & Shamsutdinova Y. “The methods of studying emotive vocabulary” // *Philology: Scientific Researches*, 2021. – № 8. – 67-74.
- 8 Ильин Е. П. Эмоции и чувства. – СПб: Питер, 2001. – 752 с.
- 9 Entwistle Ch., Andrea B., Meier, T., Hoemann K., Miano A., & Ryan L. «Natural emotion vocabularies and borderline personality disorder» // *Journal of Affective Disorders Reports*, 2023. – Том 14, декабрь.
- 10 Слямбеков К. «Грамматическая репрезентация категории модальности в казахском языке», *Tiltanum*, 2022. – No2 (86). – С. 86-97.
- 11 Кусаинова Ж., & Саменова С. «Отражение модальных оттенков «предсказание» в синтаксисе» // Вестник Евразийского гуманитарного института, 2022. – № 3.

12 Кульманов С. Функционально-семантическое поле модальности возможностей в казахском языке. – Алматы, 2007. – 153 с.

Материал поступил в редакцию журнала 12.01.2024

The role of modality markers in the transmission of emotions: psycholinguistic analysis

N.A.Baizhanova¹, G.O. Syzdykova¹

¹ L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article discusses the importance of modality markers in the transmission of emotional coloring of language. Modality is considered one of the main linguistic aspects affecting the way emotions and feelings are conveyed in communication. Therefore, in our study, the influence of modal words and phrases, grammatical categories expressing modality, on the perception of emotional content is carried out by methods of psycholinguistic analysis. Modality is differentiated on the basis of concrete examples with an emphasis on semantics and pragmatics of significant structures. A review of the study of the category of modality in general linguistics, Kazakh linguistics defines the basic concepts and concepts, reveals the nature of modal units in the transmission of human emotions and psychology. In the present article, aspects of modality that enhance or weaken the expression of emotions in language have not been ignored. As a result of the study, the nature of the use of modality markers for managing emotional impact is determined. This article gives an idea of the psycholinguistic aspects of modality and its connection with emotional communication. For this reason, the results of the study can be useful for both linguists and psychologists.

Key words: category of modality, emotion in language, psycholinguistic analysis, modal words, emotional communication, emotional coloring of the text

REFERENCES

- 1 Eshniyaz, G., Zholshaeva, M., & Alimtaeva, L. (2022), "Typology of the category of modality", *Bulletin of Al-Farabi KazNu. Philology series*, no. 4..
- 2 Zhanpeisov, E. (1959), "Modality of sentences and ways of their presentation in the Kazakh language", *Vestnik of the Kazakh Academy of Science of the USSR*, no. 1-2.
- 3 Sairambayev, T. (1991), *Phrase and simple sentence syntax*. Almaty, KZ: Rauan.
- 4 Jakimik, J., & Glenberg, A. (1990), "Verbal learning meets psycholinguistics: Modality effects in the comprehension of anaphora", *Journal of Memory and Language*, vol. 29, October..
- 5 Austin, J. L. (1987), *Someone else's consciousness*. Moscow, RUS: Progress.
- 6 Dawaele, J., & Pavlenko, A. (2002), "Emotion Vocabulary in Interlanguage", *Language Learning*, vol. 52, June, pp. 263-322.
- 7 Varukha, I., & Shamsutdinova, Y. (2021), "The methods of studying emotive vocabulary", *Philology: Scientific Researches*, no. 8.
- 8 Ilyin, E. (2001), *Emotions and feelings*. Saint Petersburg, RUS: Peter.
- 9 Entwistle, Ch., Andrea, B., Meier, T., Hoemann, K., Miano, A., & Ryan, L. (2023), "Natural emotion vocabularies and borderline personality disorder", *Journal of Affective Disorders Reports*, vol. 14, December.
- 10 Slyambekov, K. (2022), "Grammatical representation of the category of modality in the Kazakh language", *Tiltanym*, no. 2, pp.
- 11 Kusainova, Zh., & Samenova, S. (2022), "Reflection in syntax of modal shades 'prediction', 'assumption'", *Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute*, no. 3.
- 12 Kulmanov, S. (2007), *Functional and semantic field of opportunity modality in the Kazakh language*. Almaty.

Received: 12.01.2024